

*І. Б. Нысанқұлов, әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының бастығы, полиция полковнигі;*

*Ф. Е. Бөрібай, әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры*

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

## **АДАМДЫ КЕПІЛГЕ АЛҒАН ҚЫЛМЫСКЕРМЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗУДІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі заманда әлемнің кез келген жерінде ланкестік немесе басқа да қылмыстық топтар өздерінің басқыншылық іс-әрекеттерін жүзеге асыру мақсатында адамдарды кепілге алу оқиғалары бұқаралық ақпарат құралдарынан көптеп кездесуде. Онда қылмыскерлер кепілге адам алу арқылы өзінің ойлаған мақсатын жүзеге асыруға ұмтылған және адамзат баласына жасайтын қиянаттарын көріп жаның түршігеді. Мысалы, 2002 жылғы 23 – 26 қазан аралығындағы «Норд-Ост», 2004 жылғы 1 қыркүйектегі Беслан, 2005 жылғы 16 маусымдағы Сиенреап провинциясының Камбодже мекеніндегі, 2014 жылғы 14 сәуірдегі Нигериядағы, 2014 жылғы 29 мамырдағы Сириядағы оқиғаларын айтуға болады<sup>1</sup>.

Сондықтан «Кепіл» ұғымы қазіргі кезде, бұрынғыға қарағанда еш кәнісі жоқ адамдарды қылмыскерлердің ұстауы арқылы өз талаптарын қанағаттандыру мақсатын көздеу деп түсіндіріледі.

Еліміздің Конституциясында адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумасынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ, ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге, не жазалауға болмайды деп анық көрсетілген. Ал, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде адамды кепілге алу туралы 261-бапта былай түсіндіріледі: «кепілге алынған адамды босату шарты ретінде мемлекетті, ұйымды немесе басқа да адамды қандай да бір әрекет жасауға немесе қандай да бір әрекет жасаудан тартынуға мәжбүрлеу мақсатында жасалған, адамды кепілге алу немесе кепіл ретінде ұстау»<sup>2</sup>.

Көптеген шетелдердің құқық саласындағы ғалымдары келіссөз жүргізудің құқықтық, ұйымдастырушылық және тактикалық мәселелерін зерттеуде. Қазіргі кезде көптеген шет мемлекеттердің құқық қорғау салаларында «Басқыншылармен келіссөз жүргізуші» деген арнайы курс енгізілген. Бұл арнайы курсқа құқық қорғау органдарында көп жыл еңбек еткен, шешендік және сөйлеу мәнері жоғары деңгейдегі, ұстамды, әртүрлі төтенше жағдайларда дұрыс шешім қабылдай алатын, кем дегенде екі-үш шет тілін меңгерген қызметкерлер қабылданады. Арнайы курсты аяқтағаннан соң келіссөз жүргізуші ролінде болып, кәсіпқой актерлер немесе алдын ала дайындалған басқа да тұлғалармен келіссөз жүргізіп, емтихандар тапсырады. Егер келіссөз жүргізуші қызметкер дұрыс шешім қабылдап, барлық сынақтардан сүрінбей өтсе, оған арнайы келіссөз жүргізуші деген атақ беріледі. Американдық ізденушілердің деректеріне сүйенсек, ер адамға қарағанда әйел адамдардың келіссөз жүргізудегі жеткен жетістіктері тым жоғары.

Шетел статистикасы бойынша басқыншыларға күш қолдану салдарынан кепілге алынған адамдардың 80 пайызы мерт болып, жарақат алады екен. АҚШ-тың кейбір штаттарында психологиялық әдістерді қолдану тиімді нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Тіпті кейбір полиция басқармаларында арнайы психологтардың штаттары бар. АҚШ-тың белгілі докторы, психологы Г. Шлоссберг алғаш рет осындай топты құра отырып, әлгіндей қысылтаяң жағдайларда сөз күшінің қарудан да асып түсетіндігін дәлелдеді. Мәселен, Г. Шлоссбергтің әдісімен шұғыл жасаған Нью-Йорктың полиция департаменті адамды кепілге алудың 200 жағдайын кісі өлімінсіз шешкен.

Жоғарыда көрсетілген деректерге сүйене отырып еліміздің құқық қорғау қызметкерлерін дайындайтын арнайы оқу орындарында болашақ мамандарды даярлауда келіссөз жүргізу тәсілдері туралы теориялық және практикалық арнайы курстар енгізсе артық болмас еді. Оқыту барысында алдымен курсанттарға кепілге адам алушы басқыншылардың түрлері, келіссөз жүргізуге кеңестер, тәсілдер, келіссөз жүргізетін топтар туралы мағлұматтар кеңінен

берілсе, ертеңгі күні қызмет бабында осындай бір жағдайға душар болып қалғанда көмегі тиер деген үміттеміз. Енді осыларға қысқаша тоқтала кетсек.

Кепілге адам алған басқыншылардың жеті түрі бар, олар төтенше жағдайлардағы тұлғалар, қоғамға қарсы тұлғалар, қалыптаспай қалған тұлғалар (шекаралық жағдай), психикасы бұзылған тұлғалар, депрессия жағдайындағы тұлғалар, сотталғандар, саяси (діни ланкестер).

Келіссөздер жүргізудің негізгі қағидалары:

1. Келіссөз жүргізуші өзінің әрбір әрекетіне өте мұқият болуы керек. Сөйлесудің мәнерін тандап, жұмсақ, баяу сөйлеуге тырысып, лаңкестер немесе қылмыскерлердің интеллектуалдық деңгейіне сай әңгімелесіп, «иә», «жоқ» деген жауаптан тұратын сұрақтар қоймауы тиіс.

2. Кепілге алушының сөзі мен сөйлеу мәнерінен оның эмоциялық жағдайын, келіссөзге келу дайындығы мен оның ойын, көңіл-күйіндегі өзгерістерін анықтау үшін келіссөз жүргізуші қылмыскерді мұқият тыңдауы керек.

3. Қылмыскерлерге қатаң мерзімді ұстануға талап қоюдың керегі жоқ. Өз құрбандарын бірден өлтірмеген лаңкестер немесе қылмыскерлер дәрекілік танытпаса, оған бара қоймайды.

4. Кепілдегілерге көп назар аудармауға тырысу керек, өйткені кепілдегілердің лаңкестер мен қылмыскерлер алдында маңыздылығын көрсетеді де, олар өз талаптарын жоғарылата бастайды. Егер біреуге дәрігерлік көмек керектігін анықтау керек болса, ақырын ғана біреуге көмек керек пе деп сұрай салу қажет. Келіссөз жүргізуші тек кепілдегілердің ғана емес, лаңкестердің денсаулығына да алаңдайтындығын білдіреді.

5. Бірден лаңкестермен саудаласудың қажеті жоқ, яғни, кез келген олардың талаптарына айырбас жүргізуге тырысу керек, ал аса маңызды емес өтініштерін қараудан бас тартуға болмайды.

6. Лаңкестердің қосымша қару мен кепілдікке ПО қызметкерлерін талап етуін орындамауға кеңес береміз. Кейде ғана ПО қызметкерлерінің орнына қатардағы азамат өз еркімен кепілдікке ауысқысы келсе, орындауға болады.

7. Келіссөзді адал жүргізу керек. Егер лаңкестер алданғандарын сезіп қалса, әрі қарайғы келіссөздер қиындайды, тіпті мүлдем болмауы да мүмкін.

8. Азаматтарды лаңкестермен келіссөздерге жақсылап тексерістен өткізіп, нұсқаулар беріп, лаңкестерді жақсы танитын болса ғана жіберу керек.

9. Лаңкестермен тікелей қарым-қатынаста аса мұқият болу керек. Алдын-ала лаңкестердің өзін қабылдайтынын, оған ешқандай зиян келтірмейтінін анықтап алу қажет. Лаңкестерге қарсы қару кезеп, оған арқасымен тұрмау керек, келіссөзге келген адамның тікелей көзіне қарап, кез келген оқыс жағдайға әрқашан дайын болып тұру керек.

10. Шыдамды салмақты болып, ашуланбауға, қорықпауға тырысу керек. Қылмыскерлер тарапынан агрессия туғызатын, ашуландыратын қажетсіз келіссөздер, әңгімелер болмаса әрекеттерге баруға және талаптарына «жоқ» деп жауап бермеу керек.

Келіссөздер бір-біріне ұқсамайтын бірнеше кезеңдерден тұрады:

Бірінші — диагностикалық, барлаушылық. Осы кезеңде мынадай мақсаттар қойылады: кіммен келіссөздер жүргізілуде; олар қандай тұлғалар; олардың мақсаттары қандай; туындаған келеңсіздіктің мәні неде және қандай талаптар қойылған; кепілдікке кімдер алынған.

Екінші — «позицияны ұстану». Бұл кезеңде әр жақ келіссөзден өз пайдасын көздейді. Мұнда лаңкестердің қорқытуларынан қорықпай, келесі шараларды қолдануды ойластыру үшін, шешім қабылдау үшін барынша уақытты ұтуға тырысу керек.

Үшінші — қойылған талаптарды қанағаттандыру жолдары мен тәсілдерін талдау, туындаған жағдайды шешуге шарттар қою кезеңі. Осы кезеңде кепілдегілердің өмірін сақтау мақсатында жедел шешімдерді қабылдау жүргізіледі.

Төртінші — екі жақтың нақты позициялары қалыптасады, қаралып отырған мәселелер бойынша толық немесе жартылай келісімге келтіріледі, келісімдердің нақты жолдарын жүзеге асыру тәсілдері анықталады.

Келіссөз жүргізетін топтың құрамы — келіссөз жүргізетін топ жетекшісі, басты парламенттер, көмекшісі (бақылаушы), барлау қызметкері, байланыс құралы бойынша маман, психолог. Көмекші лауазымдар — аудармашылар, басқа да органдардың өкілдері.

Келіссөз жүргізуші ретінде адамдармен қатысу дағдысы бар, тергеу жүргізуде мейлінше тәжірибелі тергеуші мен жедел-ізвестіру уәкілі қызметкерлерін алуға кеңес беріледі.

1. Теоретикалық дайындық: келіссөз жүргізудегі тәжірибесі, психопотология негіздерінен білімі, қарым-қатынас дағдыларын меңгеруі, нақты жағдайларды талдауға бейімділігі.

2. Өзіндік қасиеттер: тыңдай білуі және адамдармен қарым-қатынасқа түсе білу іскерлігі (талапшыл, шыдамдылық, сеніміне кіруге икемділігі, т. б.), жақсы коммуникативтік дағдылары, сұрау жүргізу дағдыларын меңгеруі, рухани және эмоционалды тұрақтылығы, шешім қабылдай білуі, дұрыс дикция.

3. Кәсіптік деңгейі: құқық қорғау органы басқармасының орта буыны.

Келіссөз жүргізуші: актерлік қабілеті бар, саудаласа алатын, сендіре білетін, жақсы психолог, дене және психологиялық дайындығы жақсы, дауысы биязы, сұрақ қоя білетін, шет тілін меңгерген адам болуы керек.

Мінезіндегі қажет емес жақтары: туындаған жағдайларды шешуде өз күшіне сенімділігі, шектен тыс өзіне сенімділік, іске формальді тұрғыда қарауы, өз сезімін білдіре алмауы және сөздік қорының аздығы, өркөкіректік, мінезінің тұрақсыздығы, бет-бейнесінің ұсқынсыздығы, «сауда» жүргізе алмауы.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауында «Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз — тәуелсіздік, тілегіміз — тұрақтылық, білегіміз — бірлік! Мен халқыма сенемін. Көк байрағымыздағы алтын қырандай еліміз қанатын кеңге жайып, асқар биіктерден көрінсін! Барды бағалап, жоқты жасай білген жасампаз жұртымыздың көк байрағы әрдайым биікте желбіресін!», — деп атап өткендей ел тыныштығы біздің болашағымыздағы бейбіт өмірдің кепілі<sup>3</sup>.

Сөзімізді түйіндей келе басымды бағыттарына сүйене отырып, ғылыми ізденістерді тереңдету арқылы келешекте облыстық Ішкі істер Департаменттері жанынан кепілдікке адамдар алған қылмыскерлермен келіссөз жүргізе алатын штаттан тыс қызметкерлер мен психолог-мамандардың топтарын дайындап құру туралы өзекті мәселелерді көтеру қажет.

---

<sup>1</sup> [krupneishie\\_terroristicheskie\\_akty\\_s\\_zah.html](#)

<sup>2</sup> 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі // [www.online.zakon.kz](http://www.online.zakon.kz)

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауы // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)